

«Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМҚ-
ның төртінші тоқсанында орталық қызметкерлерінің қатысуымен
өткен № 4 жиналыс хаттамасы

Қызылорда қаласы

20 желтоқсан 2024 жыл

Жиналыс орны: ОПДО ғимараты

Төрайымы: Директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары –
А.Ш.Альназарова

Хатшы: О.Баймаханова

Қатысқандар: Орталық медициналық қызметкерлері, қызметкерлері.

Күн тәртібінде: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша ағымдағы
жылдың төртінші тоқсанында **Тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы**
әрекет тақырыбында жиналыс өткізу.

Директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары А.Ш.Альназарова:

Құрметті әріптестер! Бүгінгі жиналстын тақырыбы бәрімізгеде ортақ мәселе болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа ұжым арасында жол бермеу және онымен күресу мен алдағы уақытта болдырмау баршамыздың міндетіміз. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуын тежейтін кесел. Бұл қоғамдағы өзара сенімге, жалпы мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құбылыс. Сондықтан жұмыс атқару барысында өз қызметтерімізді адал және сақтықпен орындайық.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі жиналысымыздың тақырыбы «Тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет».

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуын тежейтін кесел. Бұл қоғамдағы өзара сенімге, жалпы мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құбылыс. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық – түрлі әлеуметтік жеңілдіктер мен қызмет үшін тұрғындардан пара алу, заңның бұзылуын жасыру, түрлі рұқсатнамалар алу. Тұрмыстық жемқорлық - бұл адам өз сұрақтарын шешкен немесе пара немесе қатынас арқылы шешімін тездетуге тырысқан кезде. Мысалдар көп және олардың барлығы белгіленген ережелерді сақтауға ниетпен байланысты. Кез келген мәселелерді қарым-қатынас арқылы шешу біздің көптеген азаматтар үшін қалыпты жағдай болды, ал бұл бүкіл қоғамның моральдық ұстанымдары үшін орасан зор залал. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде негіз қалаушы буын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді, олардың пайда болуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді айқындау және барынша азайту болып табылады. Қоғамдық өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін қозғайтын шешімдерді

кабылдаған кездегі ашықтықтың жеткіліксіз болуы, мемлекеттік аппараттың қызметінде тиісті азаматтық бақылаудың және қоғамдық пікірді ескерудің болмауы артық төрешілдікке, әкімшілік кедергілер мен лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалануға алып келеді, бұл жиынтығында сыбайлас жемқорлық көріністерінің өсуіне ықпал ететін келеңсіз факторларды қалыптастырады.

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі науқанды кеңейту қажет, атап айтқанда бұл туралы мектепте, университетте, өндірісте, дін мен т.б. жерлерде айту қажет. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, оның ішінде азаматтардың санасын өзгерту жолымен біздің қоғамымызда осы зұлымдық толық жойылғанға дейін біздің жалпыға ортақ идеологиямыз болуға тиіс.

Біз әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімізге жетуге тырысуымыз қажет. Бұл кеселдің біздің ұжымымызда орын алуына кедергі бола білейік.

**Директордың емдеу ісі жөніндегі
орынбасары**

Хатшы



А.Ш.Альназарова

О.Баймаханова